



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
*03.05.2024* № \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 3 мамырдағы  
қаулысы**

**Мәдени кластерлер арқылы  
білім беру мен мәдени  
сауаттылықты дамыту.  
Мәдени туризм мен халықаралық  
ынтымақтастыққа жәрдемдесу.  
Елорданың брендбукін құру**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – тұрақты комиссия) мәдени кластерлер арқылы білім беру мен мәдени сауаттылықты дамыту, мәдени туризм мен халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, елорданың брендбукін құру туралы ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, келесілерді атап өтеді.

Мәдени кластер – бұл музыкалық, театрлық, цирк өнері, кітапхана желісі, мұражай қызметін қамтитын дамыған мәдениет объектілерінің үздіксіз тізбегі. Халықтың білімі мен мәдени сауаттылығын дамыту үшін мәдени кластердің барлық буындары жалпы қабылданған стандарттарға сай, кәсіби кадрлар құрамымен, материалдық-техникалық базасымен, өз бағыттары бойынша ілгерілету саласындағы айқын саясатымен жоғары деңгейде болуға тиіс.

2023 жылдың қорытындысы бойынша туристер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,3% - ға артып, 1 324 047 адамды құрады (шетелдік туристер – 287 126 адам, ішкі туристер – 1 036 921 адам).

Туристер сервисін жақсарту мақсатында visitastana.kz сайт әзірленді. Сервисте: авиабилеттерді сатып алу - Aviata.kz сервиспен бірігу; тұру орындарын брондау - Booking халықаралық сервисімен бірігу; іс-шаралар афишасы - Тикетон билеттерді сату платформасымен бірігу; көрікті жерлер тізімі – 2GIS компаниясымен бірігу, туристік объектілерге дейінгі маршрутты жоспарлау мүмкіндіктері қол жетімді.

Бұдан басқа, vizit Astana брендин танымал ету үшін, сондай-ақ сервиске пайдаланушылар ағынын тарту мақсатында visitastana.kz брендтік киім өндіруге, туристерге арналған арнайы тарифпен WELCOME-sim шығаруға, автобустар мен қалалық таксилерді брендтеуге, медиабордтарда бейнероликтер таратуға жәрдемдесу бойынша жұмыс жүргізілуде.

2023 жылы Астана қаласында 29 мыңға жуық мәдени іс-шара өткізілді, оның 250-і жеке компаниялармен, 146 отандық және 104 шетелдік әртістердің қатысуымен ұйымдастырылды. 2024 жылы қаңтар мен сәуір аралығында Астана қаласында 3500-ге жуық мәдени іс-шара өткізілді, оның 65-ке жуығы жеке компаниялармен ұйымдастырылды.

Жергілікті атқарушы органның жүргізіп жатқан жұмысына қарамастан, тұрақты комиссия елорданың мәдени кластерінің жеткіліксіз дамығанын атап өтеді. Сонымен, мектеп бағдарламасында өнер мен мәдениеттің терең түсінігі мен құндылығын қалыптастыруға ықпал ететін мәдени білім қарастырылмаған.

Қаланың мәдени мұрасына қызығушылықты арттыруға ықпал ететін мәдени көрікті жерлер мен туристік маршруттарды ілгерілету бойынша белсенді жұмыстың жеткіліксіздігі орын алуда.

Шығармашылық қоғамдастықтың дамуына және жаңа мәдени бастамаларды құруға жәрдемдесетін гранттар, стипендиялар және қаржылық қолдаудың басқа да нысандарын бөлу жөнінде ақпарат берілмеген.

Елорданың туристік индустриясының деңгейін арттыруға әсер ететін маңызды фактор – туристерге сапалы қызмет көрсету үшін гидтердің, экскурсия жетекшілерінің кәсіби дағдыларын жетілдіру және құзыреттерін дамыту, олардың беделі мен кәсібилік деңгейін арттыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Мәдени кластерлер арқылы білім беру мен мәдени сауаттылықты дамыту, мәдени туризм мен халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, елорданың брендбукін құру туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының білім басқармасы» ММ-ға «Астана қаласының мәдениет басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

мектеп бағдарламасына мәдени білім беруді енгізу мүмкіндігін қарастыру;

оқушылар үшін тұрақты негізде мәдени іс-шаралар өткізу ұсынылсын.

3. «Астана қаласының мәдениет басқармасы» ММ-ға мүдделі ұйымдармен бірлесіп:

мәдени нысандарға келушілерді тарту бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және енгізу (мұражайларға, театрларға бару абонементтері);

шығармашыл индустриялар орталықтарын, қалалық мұражайды, туризмді дамыту орталығын, іс-шаралардың бірыңғай картасын, мемлекеттік

және жеке меншік орталықтарды ашу жоспарлары туралы ақпарат беру;  
елорданың мәдени көрікті жерлеріне бару үшін туристік карталар жасау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-ға:

шығармашылық қоғамдастықтың дамуына және жаңа мәдени бастамаларды құруға жәрдемдесетін гранттар, стипендиялар және қаржылық қолдаудың басқа да нысандарын бөлу жөнінде шаралар қабылдау;

заңсыз гидтерді анықтау мақсатында туризм саласындағы қауымдастықтармен жұмыс жүргізу;

кәсіби гид сертификатын алу және оқыту тәртібі туралы ақпараттық науқандар өткізу;

Астана қаласы әкімдігінің туризм басқармасын құру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Астана қаласында мәдени туризмді жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу үшін кәсіпкерлерден, мүдделі мемлекеттік органдар мен мекемелерден, кәсіпкерлер палатасынан, туризм қауымдастығынан тұратын жұмыс тобын құру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрағасы**



**А.Смагулов**